











I бөлім  
**ӨЛЕҢДЕР**

**ҚОЛТАҢБА**

Сансыз сұрақ санада,  
Не бітірдім,  
Не қойдым?  
Уақыт өтпін барады, ә,  
Үстінде жүріп көп ойдын

Көңілде  
Қиял-арман көп,  
Жүрегім жиі соғады.  
Осымен бітіп қалған жоқ  
Жазарым менің көп әлі.

Алладан ғұмыр тілейін,  
Тілесем бұған қол жетер.  
Қуантып әркез жүрейін,  
Өлеңмен  
Жанды тербетер!

\*\*\*

Үшырдым,  
Самға алысқа,  
Көңілдің көгершіндері.  
Қалдырмай әр кез намысқа,  
Шаршасам,  
Демерсіңдер мені.

Биікке шарлай беріндер,  
Талмайтын жезқанаттарым.  
Алысқа жеткізе көріңдер  
Жанымның жанған оттарын!



Туған жерім,  
 Ауылым – жер ұйығым,  
 Көріп тұрып қиналам, сені бүгін.  
 Еңсең түсіп, көркіннен айырылыпсың,  
 Секілді жаның – жара, көңілің – мұң.

Туған жерім,  
 Байлықтың ақ ордасы  
 Қандай күнге кезіккен қарандаршы.  
 Азып-тозып барады көз алдымда,  
 Бұлақ болып төгіліп адам жасы.

Туған жерім,  
 О бастан қандай болған,  
 Шынымен-ақ бақыты жанбай алдан.  
 Кітапхана, клубсыз адамдардың  
 Бас қосатын жерлері болмай қалған.

Туған жерім,  
 Қанымның тамған жері,  
 Кешір, кешір  
 Танымай қалған мені.  
 Қайда, көне?  
 Жөн білер азаматтар,  
 Неге үнсіз,  
 Тілсіз боп қалған бәріі?..

Келмегенмен орнына көңіл әлі,  
 Ауыл деп көтерілді ел ұраны.  
 Тапшылықтың жолына тұсау салып,  
 Жақсылықтың соғылды қоңырауы!

Ауылға жұмсалсын деп қажыр-қайрат,  
 Президент арнады сөзін әйбат.

Жарандар, енді менің ауылымның  
Алыс емес жарқырар көзі жайнап!

Туған жерім, сен енді құлшырасың,  
Сәт туды жан ашитын жұртыма шың.  
Етекте егін толып, ырыс тасып,  
Төскейде төрт түлігің шұрқырасың!

Туған жер,  
Арта берсін байлық, бақыт,  
Аулаңда алма гүлдеп, шешек атып.  
Құдайым, көп көрмесін өскеніңді,  
Ылайым, қойның толған болсын жақұт!

## ТАҒЫМ

Болса менің Нұрсұлтандай нар тұлғам,  
Болса және « Нұротандай» партиям.  
Мен шалқымай кім шалқиды, айтыңдар,  
Күндей күліп,  
Нұрдай жайнап, шарқ ұрам!

Тәуелсіздік,  
Сені ішкім ұмытпас,  
Сен арқылы бар әлеммен иықтас  
Болдық, міне, даңқымызды шығарған,  
Мен өзіңе тағзым етем, иіп бас!

Тәуелсіздік,  
Алашымның арманы,  
Нұр сәулелі сағынышты таңдары,  
Осы күнге жету үшін қаншама  
Жанын қиды қазағымның ардағы



Жер қайысқан, бел қайысқан күреспен,  
Жапырылған жаумен табап тірескен,  
Қиын кезең, қырғын шайқас, қанды жол,  
Ешқашан да шыға қоймас бұл естен.

Ұмытылмас өртенген жер, өлген ер,  
Зор зұлматты бастан кешкен, көрген ел.  
Тарихыма көз жіберсек, жоқ нәрсе  
Бабалардың ерлігіне тең келер.

Қай кезде де қаһармандық ісімен,  
Көк найзаның ұшымен,  
Білегінің күшімен,  
Қорған қалған туған жерін, Отанын,  
Мен олардың ерліктерін түсінем.

Ол ерлікті қалай айтып тауыса алам,  
Жатса, тұрса азаттықты аңсаған,  
Қасиетті қаһарманы даламның,  
Мәңгі бақи қарыздармыш мен саған.

Ерліктерің өшпес тарих, жыр-дастап,  
Өтті, кетті небір ауыр күн бастан  
Ел басымыз Тәуелсіздік тұғырын,  
Нығайтуда күндіз-түні тынбастан.

Тәуелсіздік,  
Нағыз ерлік мектебі,  
Осы біздің қолымыздың жеткені.  
Уа, ағайын!  
Бақытыңа тағзым ет,  
Жақсылықтың сен көретін жоқ шегі!

## АРМЫСЫҢ, ҚАСКЕЛЕҢІМ!

Армысың, Қаскелеңім,  
Ел есен бе?  
Сенде туып,  
Сенде өстім демесем де.  
Ұзақ жылдар өзінде еңбек етіп  
Бауыр бастым...  
Бөтенсің демес Ел де.

Демек,  
Мен де өзіңнің бір адамың,  
Сен қуансаң,  
Мен дағы қуанамын.  
Саған деген көңілім адал менің,  
Жатырқама,  
Сен мені,  
Сұранамын.


Мен қалайша  
Өзіңді сағынбаймын,  
Қүдіретіңе киелі табынбайын.  
Ер сыйлаған  
Елімнің қасиеті,  
Қашан келсем  
Құрметің,  
Дәйім дайын.

Ұлдарың бар,  
Ақ маңдай нар тұлғалы,  
Қыздарың бар  
Күншуақ, жарқын жаны.  
Қарттарың бар,  
Ақ жаулық аналар бар,  
Әр сөзінің  
Мен үшін алтын мәні.

Қаскелеңде дос таптым,  
Туыс таптым,  
Байлық таптым,  
Бақ таптым,  
Ырыс таптым.  
Арқасында жанашыр ағайынның,  
Жағдайымды  
Мен біраз дұрыстаппын.

Мақтанамын деймін ғой  
Немен елге?  
Сенде туды төрт бірдей немерем де.  
Сен болмасаң  
Осылай өсіп, өніп,  
Сен болмасаң  
Осылай көгерем бе?!

Құлпыра түс, құтмекен Қаскелеңім,  
Абыройы ежелден асқан елім.  
Егер менің  
Жастығым қайта оралса,  
Еңбек жолың  
Өзіңнен бастар едім.



## МЕН ҚАЗАҚПЫН!

Мен – қазақпын,  
Қазақтың баласымын,  
Көзінің  
Ағы менен қарасымын.  
Мен қазақтың  
Арымын,  
Намысымын,  
Ақыл-ойы,  
Ұяты,  
Санасымың!

Қазақ болып қуанам туғаным,  
Рух берер,  
Күш берер  
Бұл жаныма.  
«Қазақ, қазақ!..»  
Деп тынбай ән салады,  
Байтақ далам,  
Тау-тасым,  
Шыңдарым да.

Мен – қазақпын,  
Тектімін,  
Зиялымың,  
Қанаты бар  
Үшқыр ой-қиялының.  
Бабалардың сөздерін қасиетті,  
Сан қайталап,  
Құлаққа құямын мың.

Мен – қазақпын,  
Тұқымы Көкбөрінің,  
Дей алмаспың,

Бостан-бос өтті өмірім.  
Баянды боп тұрса екен деп тілеймін,  
Тәуелсіздік –  
Осынау жеткен күнім!

Біздің халық  
Ежелден  
Дана халық,  
Шығып отыр  
Аты оның дараланып.  
Ғұмыр бойы жасаған ерліктері,  
Тарихымда  
Мәңгілік қалары анық.

Мен – қазақшын,  
Танып қой –  
Осындаймын,  
Қиындыққа қиналып,  
Тосылмаймын.  
Абылаймын,  
Қабанбай,  
Бөгенбаймыш,  
Дұшшанымды басымнан асырмаймын!

Сөйлер сөзге  
Шешенмін ағып тұрған,  
Өнеге,  
Өсиетке  
Қанып туғам.  
Мен – Төле би,  
Қазыбек,  
Әйтекемін,  
Алыстан көрінеді алып тұлғам.



Мен – қазақшын,  
Қазақтың баласымын,  
Білемін –  
Батыры кім,  
Данасы кім?  
Тұғыры – Тәуелсіздік,  
Еркін елмін,  
Алдымда  
Айқын мақсат,  
Бар асуым!

## СҮЙЕР ҰЛЫҢ БОЛСА, СЕН СҮЙ

Қазақ ұлын көтерген,  
Сүйеп өткен,  
Амандығын,  
Саулығын тілеп өткен.  
Өтті қанша  
Қазақтың данышпаны,  
Барлығы да  
Жаралған сүйек-еттен.

Парасатты,  
Парықты  
Көсем өткен,  
Орақ ауыз,  
От тілді  
Шешен өткен.  
Өткен талай  
Біртуар Наркескендер,  
Біз оларды сүйеміз  
Сол себептен.

Себебі оның  
Ерекше еректігі,  
Ақыл-ойы,  
Намысы,  
Зеректігі,  
Өз етінен ет кесіп береді олар,  
Қажетіңе жарайды  
Керек күні.

Ел ішінде  
Неше бір ақын өткен,  
Айтқан сөзін халқымыз нақыл еткен  
Абай,  
Мағжан,  
Шәкәрім,  
Сәкендердің  
Жайылып Алты Алаңқа аты кеткен.

Бауыржандай  
Баһадүр батыр өткен,  
Ширықтырған  
Заманы, қату еткен.  
Арыстандай айбарлы  
Алып тұлға,  
Айтары көп болатын  
Батыл, өктем.

Еркін сөйлеп  
Ешкімге табынбаған,  
Болындар деп  
Туған ел бәрің де аман.  
Көздерінен от шашып  
Жарқылдаған,  
Тұла бойда  
Күш-қуат жалындаған.



Батыр Баукең  
Еңсеріп қиындықты,  
Жеңіспен  
Қуандырды дүйім жұртты.  
Өз елімен шаттанып  
Тойлап Баукең,  
Тағдырының  
Бұйыртар сиын күтті!

Қаруын  
Қаламымен алмастырды,  
Ғұмырын  
Бейбіт күнмен жалғастырды.  
Қол жеткенге тоқтамас  
Серті оның,  
Тоқтар болсаң,  
Өмірің болмас құнды!

Осыны есінен бір шығармады,  
Халқының  
Қиналғаны,  
Қуанғаны,  
Жазатын шығармаға өзек болып,  
Басқаға Баукең  
Көңіл бұра алмады.

Баукең жайлы  
Айтады әркім әлі,  
Жетіп жатыр  
Абырой, даңқы – бәрі.  
Өзіне өзі ескерткіш  
Орнатып ол,  
Көгімде Жұлдыз болып жарқырады!

Сүйер ұлын болса сен...  
Сүйіп өткін,  
Абыройын асқақтап,  
Биік еткін  
Мен бүгін тағзым етіп,  
Бас иемін,  
Алдында  
Бауыржандай Күдіреттің!

...

Келмей қалсам  
Біреді күн асықтырып,  
Асықтырып қойдың ғой тапшық қылып.  
Туған елім!  
Өзіңсің шабыт беріп,  
Ақындыққа баулыған мапшықтырып.

Айта алмаймын әзірше ақынмын деп  
Өтелмеген мойнымда жатыр міндет.  
Жырлау үшін  
Тау,  
Дала,  
Өзенімді,  
Шабытымды шарқ ұрып, шақырдым көп.

Қарт Алатау  
Бергендей қайрат маған,  
Сезімімді ұшпайды жайнап далам.  
Көкорай бел көтеріп көңілімді,  
Жері жоқ тереңіне бойлатпаған.

Жігіттің  
Сынап жүрген бағын әлі,  
Алтын ұям,  
Көрмесем сағынамын.

Келешекте ақтап мен үмітіңді,  
Танылсам да өзіңмен таныламын.

Жырларымның туған жер – өзегісің,  
Сен арқылы кеңейтем сөз өрісің.  
Ақын ба тебіреніп жүрегінен,  
Жыр жазбаған  
Өз жері, өз елі үшін!

## КӨКТЕМ

Көктем келді  
Құлпырып дала жайнап,  
Масатыдай жасарып барады аймақ.  
Бір-ақ күнде жасанып шыға келді,  
Алма,  
Өрік,  
Қайың тал,  
Қарағай бақ.

Көктем келді  
Көңілге шуақ кіріп,  
Әнге салды сыңғырлап бұлақ күліп.  
Сең боп қатқан сіресіп тау мұздары,  
Көзден жасын ағызды жылап тұрып.


Көктем келді  
Көкте Күн күлімделі  
Қарқын алып,  
Қызды еңбек дүбірлері.  
Алмастырып ақ тонын көк көйлекке,  
Табиғаттың ұнайды киінгені.

Көктем бізге қуаныш ала келді,  
Құрбылардың нұр жүзі жаңады енді.  
Наурыздың  
Осы шағын қалап енді  
Әнші құстар әніне сала келді

Жүректерді сырлы әуен, шаттық көрнеп,  
Саумал самал еседі бақты тербеп.  
Күн нұрына шомылып жан сүйсініп,  
Маңдай жіңісіп,  
Шуақта жаттық терлеп.

Көктем келді көкорай, көктем келді.  
Сағынышым бұл менің көптеп бергі,  
Аспан жасыл,  
Жер жасыл,  
Бәрі жасыл –  
Ажыратып болмайды Көк пен Жерді.

Мүлде өзгерді  
Құлпырып дала жайнап,  
Күннен күнге жасарып барады аймақ.  
Қыз-жігітті сыбырлап шақырады,  
Сыр шертуге қайың, тал, қарағай бақ!







Емес досым  
Бұл менің мақтанышым,  
Достарыңның атқарыш жатқан ісін  
Хабарлау ғой, өзіңмен сыр бөлісіп,  
Шыны керек,  
Бұл күнде көп табысым.

Жел есті деп досымның айдарынан,  
Жамап күдік  
Келмесін ойларыңа.  
Өткен жолы осындай шаруамен  
Бара алмадық  
Сендердің тойларыңа.

Келмегеннің  
Демеңдер «бәрі өстеді»  
Ұмытылмас нәрсе ғой ол естегі.  
Сүйіншіме  
Бір өлең жазып жібер,  
Жақында біз болғанбыз нәрестелі.

Бос сылтауды қойып сен ендігі әрі,  
Наурызда  
Жаңуяңды келгіп алып.  
Табиғат та  
Бусаһып кереметтей,  
Көктем кезі құлпырар жердің анық.

Түгел алыш кел досым  
Семьяңды,  
Мұратжаның үйленіп сенің әлгі  
Ұзарышты, қолдарың,  
Құттықтаймыз.  
Біз де міне, жақында келін алдық.

